

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Астана қаласы, 2022 ж.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі - Қор) қызметінің тұжырымдамасына еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы отырысында айтқан мәлімдемесі негіз болды, ол осы отырыста Қорды құру туралы тапсырма берген болатын.

Тұжырымдаманы қалыптастыру үшін Қордың миссиясы, пайымдамасы, тұжырымдамалары мен құндылықтары өзектендірілді, Қордың қызметі осы қасиеттерге негізделеді. Миссия – Қор құрылу үшін анағұрлым ортақ сипаттама. Бағдар – болашақтағы жағдайларда Қордың мінсіз бейнесі. Қағидалар мінез-құлықтың негізі болып табылады, Қор өз қызметінде оларды басшылыққа алады. Құндылықтар – Қор үшін маңызды жайттар, оларды ескере отырып, үдерістер және өзара әрекеттесуді қалыптастырады.

### **Қордың миссиясы**

Азаматтардың әлеуметтік әділдік сезімін нығайту.

### **Қордың бағдары**

Қор – қоғамдық мақсаттарға жету үшін қайырымдылық саласына ірі жеке капиталдың тұрақты ағымын қамтамасыз ететін қаржылық донорлық пен қайырымдылықтың экожүйесінің драйвері.

### **Қор қызметінің қағидалары**

#### 1. Дербестік

Қайырымдылықты жүзеге асырған кезде Қор өзіндік миссиясы мен мақсаттарын басшылыққа алады және мемлекеттік бағдарламаларға және бастамаларға, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және өзге қауымдастықтардың, соның ішінде ірі корпорациялардың, қайырымдылық қорларының, саяси партиялардың және діни бірлестіктердің стратегиялық мақсаттарына ұқсайтын барлық жайттардан тартынады.

#### 2. Бейтараптылық

Қордың қайырымдылық көмегін көрсету туралы және қайырымдылық жобаларын жүзеге асыру туралы шешімдері барынша әділ критерийлерге негізделеді, заңнаманың талаптарына сүйенеді, мамандар мен сарапшылардың ресми ақпараты мен жан-жақты пікірлері ескеріледі.

#### 3. Айқындық

Қордың қызметі туралы барлық ақпарат жалпыға қолжетімді болуы тиіс, Қор есептіліктің жалпы қабылданған стандарттарын ұстанады, сыртқы дербес аудитті жүйелі түрде жүргізу қажеттілігін қолдайды және барлық мүдделі тараптарға өзі туралы ақпарат беруге ұмтылатын болады.

#### 4. Оңтайлылық

Жанашырлық жәрдем қолма-қол ақшасыз нысанда ғана қабылданады, кесімді бенефициарларға көмек тауарлар мен қызметтер түрінде көрсетіледі. Барлық жанашырлық жәрдем Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын мақсатты қаржыландыруға, Қордың әкімшілік шығындарын өтеуге жұмсалады, әдетте, қаражатты екінші деңгейлі банктердегі депозиттерге орналастыру арқылы және/немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына салу арқылы өтеледі. Тауарлар мен қызметтерді Қор бәсекелестік негізінде, баға мен сапаның оңтайлы арақатынасының шартына сәйкес сатып алады.

### **Қордың құндылықтары**

## 1. Әсер ету тұрақтылығы

Көмекке мұқтаж кез-келген адам осы көмекке тәуелді. Әсер ету тұрақтылығының мәні мынаған негізделеді: көмек алушы (көмек алушылардың тобы) Қордан көмек алуын тоқтатқаннан кейін бастапқы күйіне оралмауы тиіс және өмірінің сапасын жақсартуға мүмкіндігі артуы тиіс.

Қордың әсерінің тұрақтылығы дегеніміз тұрақты дамудың (sustainable development) жалпыға мәлім тәсілдемесін қолдануды білдіреді, бұл ретте қоғамның ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыру кейінгі ұрпаққа пайда келтіруді және зиян тигізбеуді ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл әрбір қайырымдылық бағдарламада және жобада стратегия, жоспар және мақсатты индикаторлар болған кезде Қордың жүйелі түрде және тұрақты көмек көрсетуіне ұмтылуын білдіреді.

## 2. Жауапкершілікпен шығу

Қор қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын кезеңдік. Бірізді және кешенді жұмыс болатындай етіп жоспарлайды, қалыптастырады және жүзеге асырады. Пайдаланылмайтын және тұрып қалған жабдық немесе нысан болмауы тиіс, қаржыландыру кенет тоқтатылып қалмауы тиіс және ынтымақтастық аяқталғаннан кейін көмек алушыларға назар аудару төмендеп қалмауы тиіс.

## 3. Ішкі дамудың басымдығы

Егер емделушіні қазақстандық мамандардың күшімен емдеу мүмкін болмаса, онда емделушіні шетелде емдеуді қаржыландыру мен емделушіні емдеу үшін шетелдік маманның біздің елге келуін ұйымдастыру арасында таңдау болған жағдайда екінші нұсқа таңдалғаны жөн. Бұл қазақстандық мамандар үшін де жаңа тәжірибе болады және аталған медициналық қызметті Қазақстанның аумағында алдағы уақытта шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Тауарлар мен қызметтерді сатып алған кезде қазақстандық өндірушілердің тауарлары мен қызметтеріне ерекше назар аударылады, алайда мұндай тауарлар немесе қызметтер Қазақстанда өндірілмейтін, шетелдік аналогтардан әлдеқайда қымбат болған, немесе сапасы талап етілетін стандарттарға сәйкес келмейтін жағдайлар ескерілмейді.

## 4. Ақпарат және коммуникация

Қордың әр шешімі ақпаратқа, деректерге және білімге сүйенеді. Статистика, мониторинг, аналитика, сапалы және көлемді ақпараттың теңгерімі, деректердің негізінде қабылданған шешімдер (data driven management) және білімді басқару (knowledge management) қызметтің маңызды элементтері екеніне Қор сенімді.

Қоғамдық пікір табысты жария коммуникация өзекті рөлді атқаратын кез-келген ұйымның дамуының маңызды факторы болып табылады.

## 5. Технологиялылық

Қор цифрлық технологияларды енгізуге, жұмыс процедуралары мен құралдарын бірегейлендіруге және сабақтастығына, еңбек шығындарын, материалдық және қаржылық құралдарды, уақыт пен басқа ресурстарды оңтайландыруға ерекше назар аударады.

## 6. Ғылыми және сараптамалық қоғамдастықпен өзара әрекеттесу

Қор ғылыми және сараптамалық қоғамдастықпен (ғалымдармен, сарапшылармен, консультанттармен; ғылыми, салалық және өзге ұйымдармен,

соның ішінде ЖОО-лармен және ҮЕҰ-мен) өзара әрекеттеседі және оларды өз қызметіне тартады. Осындай өзара әрекеттесу ақылы негізде жүзеге асырылуын Қор қалыпты жағдай деп есептейді.

#### 7. Мүдделер шиеленісі

Қордың құрылтайшыларының (қатысушыларының), басқару органдарының мүшелерінің және өзге лауазымды тұлғаларының Қордың қаражатынан қаржыландыруын Қор оңтайлы емес деп есептейді. Қор мүдделер шиеленісіне әкеп соғуы мүмкін жағдайларға жол бермеуге ұмтылады, шиеленіскен жағдайларға Қордың мүдделері мен аталған тұлғалардың жеке мүдделері арасындағы кез-келген қарама-қайшылықты білдіреді.

#### 8. Қайырымдылық жасаушының презумпциясы

Қор барлық қайырымдылық көмектері Қордың жарғылық мақсаттарына бағытталатынына және ерікті түрде ғана жүзеге асырылатынына негізделеді. Қорды ақша қаражаттарының шығу тегі қызықтырмайды және қайырымдылық пен оның қызметі туралы бағалау пайымдамаларын бермейді.

#### **Қордың қызметінің мәні, мақсаттары мен бағыттары**

Қордың қызметінің мәні болып қайырымдылықты жүзеге асыру табылады.

Қордың қызметінің негізгі мақсаттары:

1) денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау көрсету, мәдениет және спорт салаларында қайырымдылық көмегін көрсету;

2) азаматтардың рухани, танымдық және өзге адамгершілік қажеттіліктерін қалыптастыру және қанағаттандыру үшін қоғамдық денсаулық, білім, ғылым, мәдениет, өнер, ағарту салаларындағы қайырымдылық жобаларын жүзеге асыру;

3) республикада қайырымдылық мәдениетін дамыту, қоғамның, бизнестің және мемлекеттің қайырымдылыққа деген сенімін нығайту, барлық қайырымдылық субъектілерінің ымырасы;

4) Қордың басқару органдарының шешімдеріне сәйкес өзге қайырымдылық көмек.

Қордың қызметінің бағыттары:

1. Елдің ауқымында өзекті атқарымды жабдықтармен және құрал-саймандармен материалдық-техникалық жабдықтауға көмектесу.

Критерийлер:

1) ағымдағы сәттегі жағдайлардағы маңызды;

2) мінсіз қажетті;

3) тапшы;

4) заманауи;

5) заманауи және/немесе инновациялық.

2. Азаматтарды бейресми оқытуды кеңейтуге ықпал ету.

1) кәсіби кадрлардың (медициналық, педагогикалық, әлеуметтік және т.б.) біліктілігін арттыру;

2) балалар мен жастарға қосымша білім беру;

3) ересектердің өздігінен білім алуы (қоғамдық орталықтар, кітапханалар, жеке оқу, медианы қарап шығу, театрлар, мұражайлар, галереялар, концерттер, мәдениеттің, өнер мен туризмнің өзге қызметтерін тұтыну).

3. Халыққа әлеуметтік қызметтер көрсетудің қолданыстағы жүйелерінің, құралдары мен үдерістерінің тиімділігін арттыруға қатысу.

1) жүйе – заңнаманы жетілдіру, соның ішінде трансплантология саласындағы заңнаманы жетілдіру, зерттеулер жүргізу, инфрақұрылымды дамыту;

2) құралдар – ҮЕҰ тәжірибесін және өзге әлеуметтік жобаларды тираждау;

3) үдерістер – қаржыландыру көздерінің тұрақтылығын арттыру (эндаументтерді, мақсатты капиталдың өзге түрлерін жасау, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау).

4. Әлеуметтік инновациларды қолдау және енгізу.

1) әрекет етуше шешімдерге қарағанда анағұрлым тиімді, ықпалды, төзімді немесе әділ болып табылатын және жасалатын құндылық жекелеген тұлғаларға емес, жалпы қоғамға тиетін әлеуметтік мәселелердің жаңа шешімдерін қолдау;

2) емдеудің инновациялық әдістерін қолдау.

5. Айрықша жағдайларда жекелеген азаматтарға мақсатты көмек көрсету.

1) шетелде емделуге мүмкіндіктері жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарын медициналық емес себептер бойынша тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің аясында шетелге емделуге жіберу;

2) әртүрлі аурулар мен науқас күйлерді емдеу үшін мемлекет қамтамасыз етпейтін дәрілік препараттарды сатып алу;

3) айрықша жағдайларда жекелеген жеке тұлғаларға атаулы көмек көрсету.

6. Төтенше жағдайлар кезінде кешенді көмек көрсету.